

"Ұңғымалар объектілерін сынау, кен орнын сынамалы пайдалану, технологиялық жабдықты іске қосу-баптау, пайдалану, оған техникалық қызмет көрсету және жөндеу жұмыстары жағдайында газды технологиялық еріксіз жағу кезінде ілеспе және (немесе) табиғи газды алау етіп жағуға рұқсат беру" мемлекеттік қызметті көрсету регламентін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мұнай және газ министрінің 2012 жылғы 24 тамыздағы № 144, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрінің 2012 жылғы 9 қазандағы № 368 және Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2012 жылғы 16 қазандағы № 465 бірлескен бұйрығының күшін жою туралы

Қазақстан Республикасы Мұнай және газ министрінің 2014 жылғы 10 ақпандағы № 21, Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2014 жылғы 14 наурыздағы № 114 және Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрінің 2014 жылғы 16 маусымдағы № 217 бірлескен бұйрығы.

«Нормативтік құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы Заңы 21-1-бабының 1-тармағына және 43-1-бабының 1-тармағына с ә й к е с

Б Ұ Й Ы Р А М Ы З :

1. «Ұңғымалар объектілерін сынау, кен орнын сынамалы пайдалану, технологиялық жабдықты іске қосу-баптау, пайдалану, оған техникалық қызмет көрсету және жөндеу жұмыстары жағдайында газды технологиялық еріксіз жағу кезінде ілеспе және (немесе) табиғи газды алау етіп жағуға рұқсат беру» мемлекеттік қызметті көрсету регламентін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мұнай және газ министрінің 2012 жылғы 24 тамыздағы № 144, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрінің 2012 жылғы 9 қазандағы № 368 және Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2012 жылғы 16 қазандағы № 465 бірлескен бұйрығының (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2012 жылғы 15 қарашада № 8083 болып тіркелген, «Егемен Қазақстан» газетінде 2013 жылғы 26 қаңтарда № 54 (27993) жарияланды) күші жойылды деп танылсын.

2. Қазақстан Республикасы Мұнай және газ министрлігінің Мұнай-газ кешеніндегі мемлекеттік инспекциялау комитеті (Момышев Т.А.) белгіленген тәртіппен бір апта мерзім ішінде осы бұйрықтың көшірмесін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне жіберсін және оның ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық кол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Мұнай және газ министрі

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің

_____ Ұ. Қарабалин

орынбасары - Қазақстан
Республикасы Индустрия
және жаңа технологиялар
м и н и с т р і

_____ Ә. Исекешев

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Т ө т е н ш е ж а ғ д а й л а р м и н и с т р і

_____ В. Божко

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК